

## 2012 жылға "Жастар практикасын" ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 51 Қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 17 сәуірде № 11-4-130 тіркелді. Күші жойылды - Қарақия аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 125 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарақия аудандық әкімдігінің 2012.06.11 № 125 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-7) тармағына, 18-2 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Өңірлік еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес 2012 жылға жастар практикасынан өтуге арналған жұмыс орындары ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. «Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (одан әрі-уәкілетті орган) жұмыс берушілермен «Жастар практикасы» шеңберінде жұмыс орындарын құру туралы шарт жасасын.
3. Шарт жасасқан кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің басшылары уәкілетті органның жолдамасына сәйкес «Жастар практикасы» шеңберінде жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Т.Тәжібаевқа жүктелсін.
5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә.Дауылбаев

КЕЛІСІЛДІ:



	коммуналдық қазыналық кәсіпорны					Республикалық бюджет
5	Қарақия ауданы әкімдігінің «Құлыншақ» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Сазгер	1	26000	6	Республикалық бюджет

6	Қарақия аудандық білім беру бөлімі «Қаракұдық орта мектебі» мемлекеттік мекемесі	Дене шынықтыру пәні мұғалімі Ағылшын тілі пәні мұғалімі	2	26000	6	Республикалық бюджет
7	«Жетыбай кентінің № 8 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі	Математика пәні мұғалімі Физика пәні мұғалімі Информатика пәні мұғалімі Технология пәні мұғалімі	7	26000	6	Республикалық бюджет
8	Қарақия ауданы әкімдігі аудандық білім беру бөлімінің «№ 9 бастауыш мектебі» мемлекеттік мекемесі	Медбике Есепші Іс жүргізуші	3	26000	6	Республикалық бюджет
9	Маңғыстау облысының білім басқармасы «Қарақия кәсіптік лицейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Сызу пәні мұғалімі Автомеханика пәні мұғалімі	2	26000	6	Республикалық бюджет
10	«Қарақия аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Заңгер Педагог-психолог Экономист Қаржыгер Техник-эко-лог	10	26000	6	Республикалық бюджет
11	«Қарақия аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Заңгер	1	26000	6	Республикалық бюджет
12	«Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қаржыгер Заңгер	2	26000	6	Республикалық бюджет
13	Қарақия аудандық «Мәдениет үйі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Есепші Заңгер ЭЕМ операторы	3	26000	6	Республикалық бюджет
	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі					

14	Маңғыстау облысының Әділет департаменті Қарақия ауданының Әділет басқармасы	Заңгер Қаржыгер	6	26000	6	Республикалық бюджет
----	---	--------------------	---	-------	---	----------------------

5

15	Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетібай аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Акушерка Фельдшер «Медбике» Стоматолог ЭЕМ операторы	14	26000	6	Республикалық бюджет
16	«Қарақия аудандық сәулет, қала құрылыс және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Іс жүргізуші	1	26000	6	Республикалық бюджет
17	Қарақия аудандық білім беру бөлімі «№ 1 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі	Іс жүргізуші	1	26000	6	Республикалық бюджет
18	Жеке кәсіпкер «Жолдасов Бактыгерей»	Слесарь ЭЕМ операторы	6	26000	6	Республикалық бюджет
19	Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми өндірістік орталығы» РМК шаруашылық жүргізу құқығындағы Маңғыстау еншілес мемлекеттік кәсіпорны «МаңғыстаужерҒӨО» ЕМК Қарақия филиалы	Ж е р г е орналасты-рушы	2	26000	6	Республикалық бюджет
20	«Қарақия аудандық білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Есепші ЭЕМ операторы	3	26000	6	Республикалық бюджет
21	«Рауан» балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ЭЕМ операторы Электрик Ұста	3	26000	6	Республикалық бюджет

22	«Қазақтелеком» Акционерлік Қоғамының филиалы - Маңғыстау облыстық телекоммуникациялар дирекциясы	ЭЕМ операторы	1	26000	6	Республикалық бюджет
		Есепші				

23	«Сенек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Фельдшер Домбырашы Менеджер Мал дәрігері	10	26000	6	Республикалық бюджет
<b>Барлығы</b>			<b>90</b>			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК